

Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар
және әлем тілдері университеті

АҚҚОЖИНА БАЯН ҚАНАТҚЫЗЫ

ЖӘНДІК АТАУЛАРЫНЫҢ
ЭТНОМӘДЕНИ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Монография

Алматы, 2024

ӘОЖ 811.512.122

КБЖ 81.2 Қаз-3

А37

*Абылай хан атындағы ҚазХҚж»ТУ-нің Ғылыми Кеңесі ұсынған
(Хаттама №5, 26 қаңтар 2024 ж.)*

Пікір жазғандар:

Филология ғылымдарының докторы, профессор Б.Қ.Қалиев

Филология ғылымдарының докторы, профессор Қ.Ө.Есенова

Филология ғылымдарының докторы, профессор Қ.С. Қалыбаева

Аққожина Б.Қ. Жәндік атауларының этномәдени ерекшеліктері.
Монография. – Алматы: Абылай хан атындағы ҚазХҚж»ТУ,
2024 ж. – 210 б.

Жәндік атаулары негізінен биологиялық, зоологиялық оқулықтарда, ғылыми еңбектерде және ішінара түсіндірме сөздіктер мен орфографиялық сөздіктерде, терминдер сөздігінде жиі кездеседі. Бірақ бұндай атауларды тілдік тұрғыдан талдаған еңбек жоқтың қасы. Сондықтан да автор бұл кітапта жәндік атауларының қалай жасалғандығы, мән-мағыналары, халықтың сол бір тіршілік иелері туралы таным-түсінігі мен психологиялық көзқарасын анықтап, халықтың соларға берген сипаттамасын, теңеуін, өзге дүниені танытуда салыстыра қолдануын, адамның мінез-құлқы мен қимыл-қозғалысын әсірелеп танытуда әлгі жәндік атауларын тілге тиек етуін айқындай отырып сыр шертеді.

Монографияны жоғарғы оқу орындарында лексикология, терминология, лингвомәдениеттану пәнінен дәріс беруге, семинар сабақтарын өткізуде және әртүрлі сөздіктер жасауға пайдалануға болады.

ӘОЖ 811. 512. 122

КБЖ 81.2 Қаз-3

ISBN 978-601-270-315-3

© Аққожина Б.Қ., 2024

© Абылай хан атындағы ҚазХҚж»ТУ
«Полилингва» баспасы, 2024

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	8
1 ЖӘНДІК АТАУЛАРЫНЫҢ ЛИНГВОКОГНИТИВТІК НЕГІЗІ	8
1.1 Жәндік және жан-жануарлар атауларының зерттелінуі	8
1.2 Жәндік атауларының топтастырылуы	16
1.3 Жәндік атауларының лингвокогнитивтік мәні	30
1.4 Жәндік атауларының дүниетанымдық мәні	61
1.4.1 Жәндіктердің символдық мәні	70
1.4.2 Жәндіктерге байланысты мақал-мәтелдер мен тенеулер	75
1.4.3 Жәндіктерге қатысты фразеологиялық тіркестер ...	94
2 ЖӘНДІК АТАУЛАРЫНЫҢ ЛЕКСИКА-СЕМАНТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ СӨЗЖАСАМДЫҚ ЖҮЙЕСІ	106
2.1 Жәндік атауларының лексика-семантикалық қабаты	106
2.1.1 Түркі тілдеріне ортақ жәндік атаулары	106
2.1.2 Кірме жәндік атаулары	123
2.1.3 Жәндіктердің жергілікті атаулары	134
2.1.4 Жәндік атауларының көпмағыналылығы мен уәждемесі	141
2.2 Жәндіктерге қатысты жер-су атаулары	162
2.3 Жәндік атауларының сөзжасамдық құрылымы, типтері мен үлгілері	176
2.3.1 Түбір тұлғалы жәндік атаулары	176
2.4.2 Туынды тұлғалы жәндік атаулары	179
2.4.3 Біріккен тұлғалы жәндік атаулары	184
2.4.4 Тіркесу арқылы жасалған жәндік атаулары	188
ҚОРЫТЫНДЫ	193
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	201

АЛҒЫ СӨЗ

Қазақ халқының өз ана тілінің сөздік қорын, құрамын молайтып, тіл байлығының маңыздылығы мен құндылығын арттыруға деген күш-қуаты, құштарлығы кеміген емес. Керісінше қазіргі таңда тіл байлығын тек тілдік жүйе аясында ғана кеңінен зерттеп қоймай, сондай-ақ, мәдени, тарихи, танымдық тұрғыда анықтай отырып, ұлттық тілдің қолданымдық өрісін молайта түсуде. Соның негізінде көне төл сөздеріміздің бастапқы мән-мағынасы айқындалып, онымен қоса сол мәдени атаулар салт-дәстүріміз де жаңғырып жатыр. Кірме сөздердің дәл мағынасын бере алатын төл сөздеріміз қайта қолданысқа түсіп, атаулар қазақи сипат алуда. Ең бастысы рухани және материалдық мәдениет атаулары жеке-жеке сала ретінде арнайы қарастырылып, ұлттық мәдени атаулардың сөздік қоры кеңейе түсуде.

Тілді, тілдік бірліктерді адами фактормен, адам құндылықтармен бірлікте қарастыру – тіл білімінің алға тартып отырған басты бағыттарының бірі. Сондықтан соңғы жылдары қазақ тіл білімінде антропоцентристік факторларға ерекше мән беріп, тіл иесінің тілдік бірліктерді дұрыс, ұтымды қолдану, мән-мағыналарын терең түсіну мәселесін жиі сөз етеді. Әсіресе ұлттық құндылықтарға қатысты мәдени деректерге көп көңіл бөлініп, тіл бұрынғысынша тек тұлғалық жағынан ғана емес, сонымен бірге мағыналық, ұғымдық, концептілік тұрғыдан жиі қарастырылатын болды. Себебі тілдің (атаудың) өзі адам баласының өзіндік субъективті пікірі мен теориялық ойлау қабілеті арқылы, дүниетанымдық тәжірибесі арқылы жарыққа шығып, қолданысқа енеді. Әр алуан халықтардың ақиқат дүниені өзінше жүйелеп, өзінше жобалап, қияли-ой құдіретімен бейнелеуге талпынған наным-түсінігі, сенімі қазіргі антропоцентристік ұстанымдардың өріс алып отырған тұсында өзекті мәселелердің қатарына

қосылуда. Сондықтан әсіресе белгілі бір ұғым атауының уәжін, мағынасындағы ұлттық-мәдени мәнін ашуда лингвистикалық зерттеулермен қатар антропоцентристік бағыттағы талдаулардың да көмегіне сүйенген дұрыс деп ойлаймыз.

Дегенмен де, қазақ халқы үшін, яғни негізгі өмір сүру көзі – мал шаруашылығы болған дала қазағы үшін әбден таныс, тұрмыс-тіршілігінде де, тілдік жүйесінде де (паремиологиялық, фразеологиялық қорында да) жиі ұшырасатын, жалпы адамзат тіршілігімен біте қайнасып жататын табиғат құбылысының бір бөлшегі – жәндік атаулары туралы күні бүгінге дейін тілдік тұрғыдан арнайы жазылған кітап жоқтың қасы. Сондықтан тілдік қорымыздың оннан бірін құрап отырған жәндік атауларын ала отырып, халықтың сол бір тіршілік иелері туралы таным-түсінігі мен психологиялық көзқарасын анықтау, халықтың соларға берген сипаттамасын, теңеуін, өзге дүниені танытуда салыстыра қолдануын, адамның мінез-құлқы мен қимыл-қозғалысын әсірелеп танытуда әлгі жәндік атауларын тілге тиек етуін айқындау. Адамзат баласы үшін жәндіктердің тигізер зияны мен пайдасы бірдей. Пайдасын алып, зиянкес әрекеттерін жоюға қарсы қанша күрес жүргізілсе де, олар табиғаттың біртұтас бөлшегі болғандықтан, адамзатпен қатар тіршілік етіп, біте қайнасып келе жатқаны ақиқат. Сондықтан жәндік атауларының да өзіндік жүйесі, этимологиясы, тілдік сипаты болады. Осы тұрғыдан алғанда жәндік атауларының әдеби, аймақтық, терминдік, халықтық атаулары болатыны оның адам пайда болған кезден бірге ілесіп келе жатқанын байқатады. Ал бүгінгі күні жәндік атауларының қайсысы термин, қайсысы аймақтық атауы, қайсысы халықтық атауы екенін ажыратудың да уақыты келген сияқты. Себебі кірме атаулардың орнын қазақша төл баламасы иеленіп жатқан кезде әдеби тіл мен жергілікті тіл атауларын дұрыс ажыратып беру қажеттілігі байқалады.

Бұл монография тіліміздегі жәндік атауларының ішінде мән-мағыналары ашылмаған кейбір атауларды анықтауға, халықтың дүниетанымы мен жәндік туралы ұғым-түсініктерін айқындауға негіз болады. Сонымен қатар, еңбекте қазақ тіліндегі төл және кірме жәндік атаулары, олардың мағыналары мен дүниетанымдық сипаты, жәндіктерге қатысты теңеулер, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, фразеологизмдер, сондай-ақ афоризмдер, мифтік әңгімелермен қамтылған және жәндік атауларының лексика-семантикалық, сөзжасамдық және дүниетанымдық сипаты айқындалған. Монографияда қазақ тіліндегі жәндік атауларын жинақтап, олардың лексикалық, сөзжасамдық құрылымына талдау жасалады, жинақталған жәндік атауларының ішіндегі төл атаулары мен кірме жәндік атауларын жүйелеп, олардың уәждері анықталады, жәндік атауларын лексика-семантикалық топтарға бөліп, түркі тіліне ортақ жәндік атауларын саралап, олардың халықтық дүниетанымдағы алатын орнын, одан туындаған наным-сенімдер мен ырым-тыйымдар анықталады, жәндік атауларына қатысты фразеологиялық және паремиологиялық тілдік бірліктердің мән-мағынасын, маңызын ажыратып көрсетеді, жәндік атауларының уәждемелік сипатын анықтайды, күнделікті тұрмыстық бұйым атаулары мен киім-кешек атауларының құрамындағы жәндік атауларының ұлттық-мәдени сырын айқындайды, жәндік атауларының ішіндегі қазақ халқы үшін киелі, қасиетті деп саналатын жәндіктердің символдық мәнін ашады және жәндіктерге қатысты жер-су атауларының мәнін, қойылу себептерін сипаттайды.

Сонымен бірге бұл еңбекте жәндік атаулары лексика-семантикалық топтарға (төл және кірме атауларға) жіктелінді, жәндік атауларына қатысты ұлттық аялық білім мен атаулардың антропоцентристік, лингвомәдениеттанымдық, лингвокогнитивтік мәні айқындалды, жәндік атауларының

лексикалық қабаттары мен сөзжасамдық құрылымы көрсетіліп, олардың лингвистикалық жүйесі сараланды, жәндік атауларының уәждемелік сипаты анықталды, жәндік атауларына қатысты теңеулер анықталып, олар адамның мінез-құлқын, көңіл-күйін бейнелеуде белсенді түрде қолданылатындығы дәйектелді, жәндік атауларына қатысты фразеологизмдер мен мақал-мәтелдер сараланып, олардың дүниетанымдық сипаты көрсетілді.

Монография: 1) Жәндік атауларының лингвокогнитивтік негізі, 2) Жәндік атауларының лексика-семантикалық және сөзжасамдық жүйесі деп аталатын екі тараудан тұрады. Әр тарау іштей тағы да бірнеше уақ тақырыптарға бөлініп, сараланады.

Қорыта келе, монографияның қорытындылары мен тұжырымдары тіл білімінің лексикология, терминология, этнолингвистика, лингвомәдениеттану секілді салалары бойынша өзекті мәселелерді айқындауға және оларды теориялық тұрғыдан дамытуға үлес қосады және жаңа деңгейдегі антропоцентристік пайымдаулар жасауға мүмкіндік туғызады.

АҚҚОЖИНА БАЯН ҚАНАТҚЫЗЫ

**ЖӘНДІК АТАУЛАРЫНЫҢ
ЭТНОМӘДЕНИ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**